

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Қауіпсіздікке қатысты ескертулер



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

- Қыздырғыш аяқтарымен бірге пайдаланылған кезде, оны ваннаға, раковинаға, душтарға және бассейндерге өте жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Егер құрылғыны қабырғаға бекіткіңіз келсе, қосқыш пен басқа да басқару элементтерін жуынатын бөлмедегі немесе душтағы басқа адамдар ұстамаулары керек.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны өнім жасаушысы, техникалық қызмет орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруы керек.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз

жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.

- 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылау болмаған кезде аулақ ұстаңыз.
- 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны тек қалыпты жұмыс істейтін орынға орналастырғанда немесе орнатқанда және олар бақылауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және болуы мүмкін қауіп-қатер туралы ақпарат берілгенде ғана іске қосуы/ажыратуы керек. 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны розеткаға қоспайды, реттемейді, тазаламайды немесе техникалық күтім көрсетпейді.

ЕСКЕРТУ – Осы өнімнің бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар және мүмкіндіктері шектелген адамдар бар жерде оларға өте мұқият назар аудару керек.

- Бұл құрылғыны бекітілген қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** қауіпсіздік жүйесін байқамай қайта орнатудан туындайтын кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін, бұл құрылғыны сыртқы таймермен іске қосу керек.
- Бұл құрылғыны үздіксіз бақылау болғанға дейін өздері шығып кете алмайтын адамдары бар шағын бөлмелерде пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны ешбір жағдайда оқшаулау материалымен немесе сол сияқты материалмен жабуға болмайды.
- Қыздырғыш ыстық болған кезде қуат кабелін оның үстіне қоймаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемеу күйіп қалуға әкеп соқтырады.

- **АБАЙЛАҢЫЗ** Осы өнімнің бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар және мүмкіндіктері шектелген адамдар бар жерде оларға өте мұқият назар аудару керек.
- **ЕСКЕРТУ:** қызып кетудің алдын алу үшін ешбір жағдайда құрылғыны пайдалану кезінде оның бетін бұркемеңіз, себебі бұл



қауіпті қызып кетуге себеп болуы мүмкін.

- Ұзартқыш сымды пайдалануды ұсынбаймыз, себебі қыздырғышты пайдалану барысында ұзартқыш сымның шамадан тыс қызып кетуі мүмкін.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған ұсыныстарды және маңызды ақпаратты білдіреді.

- Бұл қыздырғышты жуылған киімдерді кептіру үшін пайдаланбаңыз.
- Біз сізге қыздырғышты өтпе желі бар жерге орналастырмауды ұсынамыз, себебі ауаның қатты өтпе желі құрылғының пайдалану тиімділігіне едәуір әсер етуі мүмкін.
- Қыздырғышты тек тік бағытында пайдаланыңыз.
- Құрылғыны тек берік және жалпақ бетте пайдаланыңыз.
- Қыздырғышты мүліктен немесе басқа нәрселерден кемінде 80 см алшақ орналастырыңыз (4-5 сур. көріңіз).
- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, "жаңа" иісті кетіру үшін оны термостатты барынша орнатып, 15 минутқа қосып қойыңыз. Тасымалдау алдындағы қыздыру элементіне жағылған қорғаныш заттың еруіне байланысты аздап түтін шығуы мүмкін, сол үшін осы әрекет барысында бөлмені желдетуді ұсынамыз.
- Бұл құрылғының астындағы ауа кіру торына заттардың кептелуіне жол бермес үшін, оны түгі ұзын кілемдерге қоймаңыз.
- Құрылғының төменгі жағындағы ыстық ауа шығатын саңылау немесе ауа кіру торлары жабылып қалмасын.
- Құрылғыны тіпті ол орнатылғаннан кейін де ашаға және розеткаға оңай қол жеткізуге болатындай етіп орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны ауданы 4 м² кем болатын бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Құлау қауіпсіздігі құрылғысы

құрылғы құлап кеткен жағдайда немесе қауіпсіздікті төмендетуге әкеп соқтыратын жолмен дұрыс орнатылмаған жағдайда құрылғыны ажыратып тастайды. Құрылғы дыбысты сигнал шығарады және дисплейде нүкте жыпылықтайды. Құрылғыны тігінен қайта қойған соң құрылғы бірнеше секундтан соң жұмысын жалғастырады. Ақаулықтарды жою сеансын көріңіз.

- Бұл құрылғы абайсызда шамадан тыс қызып кету салдарынан құрылғыны ажырататын қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған. Ондай жағдайдан кейін құрылғыны қалыпты күйге келтіру үшін, ашаны қуат розеткасынан бірнеше минутқа суырып қойыңыз, шамадан тыс қызу себебін жойыңыз да, құрылғыны розеткаға қайта жалғаңыз. Егер осы қалыпты емес жағдай бірнеше рет қайталанса, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
- Желдеткіштермен жабдықталған құрылғылар үшін желдету және ауа шығару жүйесі орнату нұсқаулығына сай қамтамасыз етіледі.

СИПАТТАМА

- A Қуат индикаторының шамы
- B ON/STAND-BY (ҚОСУ/ҚУТУ РЕЖИМІ) түймесі
- C +/- реттеу түймелері
- D MODE (РЕЖИМ) түймесі (пайдалану режимдерін таңдайды)
- E "ECO plus" түймесі
- F Таймер түймесі

Қауіпсіздікке қатысты негізгі ұсыныстар

Құрметті тұтынушы, осы құрылғыдағы аша қолдану барысында "қызады" және бұл – қалыпты нәрсе. Бұл құрылғы біздің жоғарғы стандарттарымызға арналған ЖОҒАРҒЫ ҚУАТТЫ ҚЫЗДЫРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ, бірақ кездейсоқ шамадан тыс қызудың алдын алу үшін қабырғадағы розеткалар жақсы күйде тұрғанын және ашаның дұрыс енгізілгенін тексеріңіз. Егер қыздырғыш ұзақ уақыт бойы қолданылса, онда ашаны ЖӘНЕ

РОЗЕТКАНЫ тұрақты түрде тексеріп отырған жөн, егер күдіктенсеңіз, электршімен хабарласыңыз.

Жалпы нұсқаулар


Қыздырғышты орамынан алыңыз. Тасымалдау барысында қыздырғыштың немесе қуат кабелінің зақымданбағанын тексеріңіз. Зақымдалған болса, қыздырғышты пайдаланбаңыз. Құрылғыдағы барлық жарнамалық материалдарды алып тастаңыз. Құрылғы бос қойып немесе қабырғаға орнатып пайдалануға ыңғайлы. Қабырғаға орнатылса, аяқтарын құрастырмаңыз.

Электр желісіне қосу

- Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын үйіңіздегі желінің кернеуі құрылғыдағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сай екенін және берілетін қуат мәліметтер тақтасында көрсетілген қуат тұтыну (Ватт) мөлшеріне шыдай алатынын тексеріп алыңыз.
- Егер бір уақытта бірнеше құрылғы пайдаланылса, электрлік құрылғының көрсетілген қуат талаптарына сәйкестігін тексеріңіз.

Аяқтарды орнату

Құрылғының бетін сырып алмас үшін оны кілемге немесе жұмсақ нәрсеге төңкеріп қойыңыз. Аяқтарды құрылғыға берілген 4 бұрандамен бекітіңіз (1-сур. көріңіз), әр аяқта 2 бұранда болады.



i Ескеріңіз: тек берілген бұрандаларды қолданыңыз.

Қабырғаға орнату


Қабырғаға орнату құралдарына мыналар жатады:

4 металл кронштейн (2/3 А сур.)

2 дана 4,8x13 PH бұрандасы (2 В сур.)

4 дана 4,5x25 PH бұрандасы (3 С сур.)

4 пластик 6x30 дюбелі (3 D сур.)



Құрастыру үшін қажет құралдар және жуықталған құрастыру уақыты

Бұрғы

Phillips түрі берілген (PH 2 x 100 бұрауышы)

Жуықталған құрастыру уақыты: 30 минут

Құрылғыны орнатпас бұрын, мыналарды тексеріңіз:

- a. Бұл құрылғыны қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- ә. Орнатудан кейін қуат розетка мен ашаға оңай қол жететін болуы керек.
- б. Орнату барысында электрлік кабельдерді немесе басқа түтіктерді зақымдап алмау керек.
- в. Перделер мен тұтанғыш заттардан аулақ ұстаңыз.

Қабырғаға орнату үшін мыналарды орындаңыз:

Құрылғыны беті жалпақ қозғалмайтын жерге төңкеріп қойыңыз. Бұрауыштың көмегімен 2 А кронштейнді 2 бұрандамен В 2-суретте көрсетілгендей етіп бекітіңіз. Кірпіш қабырғалар үшін 6 мм бетон тескіш бұрғыны пайдаланыңыз. Гипсті қатырма қағаздан жасалған немесе жалған (іші бос) қабырғалар үшін ұсынылған тиісті бұрандаларды және дюбельдерді (бірге берілмейді) пайдаланыңыз.

1. Қабырғаны теспес бұрын, дәл нүктелерді белгілеп, 3-суретте көрсетілген аң жақын қашықтықтарды сақтаңыз.
2. Қабырғаны белгіленген жерінен тесіп, пластмассадан жасалған D дюбельдерін енгізіңіз.
3. 2 А металл кронштейнді берілген екі С бұрандасымен бекітіңіз.
4. Құрылғыны кронштейнге іліңіз.
5. 2 төменгі бекіту нүктелерін белгілеңіз. Құрылғыны алыңыз, төменгі тесіктерді тесіңіз де, қабырғаға арналған D дюбельдерін енгізіңіз.
6. Одан кейін қыздырғышты кронштейнге қайта іле аласыз және құрылғының төменгі бөлігін қалған 2 С бұрандамен бекіте аласыз.

ПАЙДАЛАНУ

Іске қосу және пайдалану

- Розеткаға қосыңыз.
- Құрылғы дыбысты сигнал шығарады. Құрылғы іске қосулы болған кезде индикатор шамы жанады және жанған күйде қалады.
- Бұл құрылғыда күту режиміне қосылады.
- Құрылғыны іске қосу үшін ON/STAND-BY (ҚОСУ/КҮТУ РЕЖИМІ) түймесін басыңыз. Бұл бөлмені ағымдағы параметрлерге сай қыздыруды бастайды.
- Мына жұмыс істеу режимдерінің біреуін таңдау үшін MODE (РЕЖИМ) түймесін басыңыз:
 - Қатырудың алдын алу ✱
 - Жылыту 1 —
 - Жылыту 2 —■
 - Жылыту 3 + Желдеткіш —■ ■■ ■■

i **Ескеріңіз:** қуат ажыратылған соң (қалалық қуат ажыраса немесе құрылғы ажырап кетсе), құрылғы күту режиміне өтеді.

i **Ескеріңіз:** қуат жұтылуының жоғарғы шамаларын болдырмас үшін -5°C-тан төмен бөлме температурасында құрылғы тіпті 3-деңгей таңдалса да 2 қуат режимінде автоматты түрде жұмыс істейтін болады. Бөлме температурасы -5°C-тан жоғары болса, құрылғы таңдалған қуат деңгейінде жұмыс істейтін болады.


Қатырудың алдын алу ✱


Бұл режимде құрылғы қатудың алдын алу үшін бөлме температурасын 7°C деңгейінде сақтайды.

Heating 1, 2, and 3 + Fan (Жылыту 1, 2 және 3 + Желдеткіш)

Бұл режимде қалаған температураны + және – реттеу түймелерін басу арқылы реттетеуге болады. + немесе - түймесін бір рет басқанда (дисплейде көрсетілген) температура 1°C бойынша жоғарылайды не төмендейді.

- **Heating 1 (Жылыту 1) —**
Құрылғы төменгі деңгейдегі қуатта жұмыс істейді.

- **Heating 2 (Жылыту 1)** 


Құрылғы орташа деңгейдегі қуатта жұмыс істейді.
- **Heating 3 + Fan (Жылыту 3 + Желдеткіш)** 


Құрылғы желдеткішімен ең жоғарғы деңгейдегі қуатпен жұмыс істейді. Температураны 16°C - 32°C ауқымы аралығында реттеуге болады.


"ECO plus" функциясы


"ECO plus" функциясы Heating (Жылыту) 1, 2 және 3 + желдеткіш режимдерінде ғана жұмыс істейді. Бұл функцияны іске қосу үшін "ECO plus" түймесін (E) басыңыз. Бұл функция іске қосылуы болған кезде құрылғы қуат тұтынуды азайту барысында оңтайлы қолайлылыққа кепілдік беру үшін ең тиісті қуат деңгейін автоматты түрде орнатады. "ECO plus" функциясы белсенді болған кезде, құрылғы қыздыру қуатын көрсетілгеннен де төмен ету үшін автоматты түрде қосылуы мүмкін. Жұмыс индикаторының түсі өзгеруі мүмкін.

Жұмыс істеу индикаторы

 белгісі түстердің көмегімен қыздыру күйін көрсетеді.

 **ҚЫЗЫЛ:** құрылғы ең жоғарғы қуат деңгейінде қыздыруда.

 **САРЫ:** құрылғы орташа қуат деңгейінде қыздыруда.

 **ЖАСЫЛ:** құрылғы ең төменгі қуат деңгейінде қыздыруда.


 жоқ: құрылғы ыстық емес.

Дисплейдің жарықтығы

Құрылғы дисплейінде екі жарықтық параметрі бар. Жоғарғысы кез келген түйме басылған кезде іске қосылады. Пернетақта бірнеше секунд белсенді болмаған кезде, жарықтық операциялық жарықтық деңгейіне көтеріледі.




Перне құлпы

Байқаусызда іске қосуды болдырмау үшін пернетақтаны перне құлпы функциясымен құлыптауға болады.



Бұл функцияны іске қосу үшін қосылуы режимде + және - түймелерін кемінде 3 секунд бірге басып тұрыңыз. Дисплейде  көрініп, қос дыбысты сигнал шығады. Бұл функцияны ажырату үшін дәл осы әрекетті орындаңыз.


Таймер функциясы

Бұл функцияны екі түрлі жолмен іске қосуға болады.


Кешіктіріп іске қосу: Құрылғы күту режиміне қосылған кезде,  таймер түймесін басыңыз.  белгісі құрылғы іске қосылғанға дейін қалған уақытпен бірге көрінеді. + және - түймелерінің көмегімен сағатты өзгертіңіз де, бағдарлама сақталғанша бірнеше секунд күтіңіз. Құрылғы өшірулі күйіне оралып,  белгілері жанған күйде қалады. Бағдарламаланған уақыт аяқталған кезде, құрылғы осыған дейінгі параметрлермен іске қосылады.



Кешіктіріп шіру: құрылғы қосылған кезде,  таймер түймесін басыңыз.  белгісі құрылғы күту режиміне өткенге дейін қалған уақытпен бірге көрінеді. + және - түймелерінің көмегімен сағатты өзгертіңіз де, бағдарлама сақталғанша бірнеше секунд күтіңіз.

Ағымдағы параметрлер мен  таңбасы көрінеді. Орнатылған уақыт аяқталған кезде құрылғы күту режиміне автоматты түрде қосылады. Таймерсіз іске қосу мақсатында кейін қайту үшін, таймер түймесін екі рет басыңыз.

Дисплейден  таймер таңбасы жоғалады.

 **Ескеріңіз:** таймерді 0,5 және 24 сағат аралығында орнатуға болады.

Температура шкаласын өзгерту

Дисплейде температура °F (Фаренгейт) және °C (Цельсий) өлшем бірлігімен көрсетіледі.

Қалаған температура шкаласын таңдау үшін, құрылғы күту режимінде болған кезде, "+" түймесін кемінде 10 секунд басып тұрыңыз, сосын барып жіберіңіз. Шкаланың өзгеруі екі қысқа дыбысты сигналдың шығуымен көрсетіледі.

КҮТІМ КӨРСЕТУ

Кез келген күтімді көрсету алдында қыздырғышты розеткадан суырып, ол толық суығанша күтіңіз.

Бұл қыздырғыш ерекше күтімді қажет етпейді. Шаңды жұмсақ және құрғақ шүберекпен сүртіп алсаңыз болғаны.

Ешқашан қырғыш ұнтақтарды немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз. Қажет болса, кір жиналған жерлерді шаңсорғышпен тазалаңыз. Қызмет көрсету және көмек туралы толық мәліметтерді берілген кепілдік ұнпарақтарынан қараңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат көзінің кернеуі	Мәліметтер
Жұтылатын қуат	жапсырмасын көріңіз

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі:	өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі:	"
Кернеу:	"
Жиілік:	"
Қуаты:	"

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Сақтау шарттары:

Ылғалдылық ауқымы < 80% және температура ауқымы + 5°C және + 45°C аралығындағы бөлмелер.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

ЕАС

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Құрылғы жұмыс істемейді	<p>Оның жалғанғанын және электр розеткасының жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз</p> <p>Температура тым төмен орнатылған болуы мүмкін</p> <p>Түйме құлпы іске қосылған болуы мүмкін</p> <p>Таймер дұрыс бағдарламаланбаған</p>	<p>Розеткаға қосыңыз</p> <p>Температураны жоғарырақ бағытқа орнатыңыз</p> <p>"Түйме құлпы" бөлімін көріңіз</p> <p>Таймерді дұрыс бағдарламалаңыз</p>
Д и с п л е й д е жыпылықтаған нүкте көрінеді және сіз үзік-үзік "дыбысты сигналды" естисіз	Құрылғы төңкеріліп қалған болуы немесе дұрыс орналастырылмаған болуы мүмкін	Құрылғының тегіс жерде тік тұрғанына көз жеткізіңіз. Құрылғыны дұрыс орналастырыңыз
Дисплейде "P.F" көрсетіледі	Температура датчигі дұрыс жұмыс істемеуде	De'Longhi тұтынушылар тәжірибесі қызметімен хабарласыңыз
Дисплейде "H.t" жыпылықтайдды (құрылғы өшеді)	Ішкі температура тым жоғары	<p>Розеткадан суырыңыз. Құрылғыны салқындатыңыз</p> <p>Ауа кіру немесе шығу торларының бітелмегенін және құрылғының 2-суретте көрсетілген қабырғаға немесе басқа нәрселерге дейінгі арақашықтықты сақтай орнатылғанын тексеріңіз</p> <p>Бірнеше минуттан соң құрылғыны қайта қосыңыз, құрылғы әрқашан күту режиміне өтеді</p>